

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы № 1188 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қазандағы № 1076 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 774 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2015 № 774 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарына субсидиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы № 1188 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 45, 564-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесінде:

5 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац «Тасымалдаушының» деген сөзден кейін «тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын ;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Поездардың тізбесі, тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондардың саны, олардың әлеуметтік мәні бар қатынастарда қатынау кезеңділігі, осы поездардың, тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондардың субсидияланатын бөлігінің құрамдылығы уәкілетті және атқарушы органдар жыл сайын өткізетін Қазақстан Республикасындағы жолаушылар тасымалдауды талдаудың негізінде белгіленеді . » ;

алтыншы абзац «құрамында» деген сөзден кейін «тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондардың,» деген сөздермен толықтырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац «бойынша» деген сөзден кейін «тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшаның үшінші абзацы «құрымдылығы» деген сөзден кейін «

тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондар саны» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың бірінші абзацы «поездарының вагондары,» деген сөздерден кейін «тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондар,» деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті өкілді және атқарушы органдар айқындаған қатынастар негізінде уәкілетті және атқарушы органдар лоттарды қалыптастырады. Осы лоттар бойынша конкурстар оларды өткізу тәртібі мен мерзімдерін белгілейтін уәкілетті және атқарушы органдардың актілеріне сәйкес өткізіледі.»;

10-тармақ «қоса» деген сөзден кейін «әлеуметтік мәні бар қатынастарда тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақта «белгіленген мөлшерде» деген сөздердің алдынан «тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

13-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13-1. Ағымдағы қаржы жылына арналған тиісті бюджетте көзделген қаражат шегінде тасымалдаудың маусымдылығына және поездардың, тіркелмелі және тоқтамайтын вагондардың қозғалыс кестесінің өзгеруіне, сондай-ақ жолаушылар ағынына байланысты тараптардың өзара келісуі бойынша шартқа қосымша келісім жасау арқылы поездардың құрамдылығына, тіркелмелі және тоқтамайтын вагондардың санына және қатынау кезеңділігіне сәйкес субсидиялар сомасын қайта қарауға жол беріледі.»;

19-тармақта:

3) тармақшада «, сондай-ақ жол жүру құжаттарын сатудан түскен кіріс сомасы» деген сөздер «тіркелмелі және тоқтамайтын вагондарды ескере отырып,» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада «есепті айдың» деген сөздер «есептіден кейінгі айдың» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) тиісті ұйымнан жол жүру құжаттарын сатудан түсетін түсімдер бойынша салыстыру актісі.».

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

